

## **5B012000 – Кәсіптік оқыту**

### **Мамандық туралы жалпы ақпарат**

**5B01200 мамандығы – кәсіптік оқыту** Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық зерттеу техникалық университетінде бакалавриат бойынша даярланатын келешегі зор мамандықтардың бірі болып табылады.

«Кәсіптік оқыту» мамандығы 2010 жылы ашылды. Осы жылы қолданбалы химия кафедрасы тау-кен және металлургиялық машиналар мен жабдықтар (ТМИ) кафедрасымен бірге мынадай мамандыру саласы бойынша бакалаврлар дайындауды жүзеге асырды: химиялық және мұнайды қайта өңдеу өндірісі, машина жасау және металлургиялық өндірісі. Оқыту мерзімі 4 жыл, ЖОО аяқтаған бітірген түлек «бакалавр білімі» біліктілігін алады.

### **Мамандықтың мақсаты мен міндеттері**

Мақсаты 5B012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша бакалаврлар дайындаудың мақсаты - білім саласында ғылыми-педагогикалық, өндірістік-технологиялық міндеттерді және мемлекеттің саясатына бағытталған негізгі стратегиялық мәселелерді шешуге қабілетті; біліктілігі жоғарғы маман, жаңа көзқарастағы педагог, кәсіптік оқыту, еңбек технологиясының мұғалімі және кәсіпкер педагогтың кәсіби қызметінің түрі және қажетті еңбек технологиясының мұғалімі және кәсіптік оқыту педагогының кәсіби қызмет түрлері мен қажетті қызметтің орындалуы.

#### **Міндеттері**

- Маманның азаматтық көзқарасының дамуы және оның экологиялық, физикалық, этикалық, құқықтық мәдениеті мен ойлау мәдениеті;
- Жалпы адамгершілік және педагогтың әлеуметтік-жеке құндылықтарының дамуы;
- Патриоттық рухтың дамуы, басқа ұлттардың салт-дәстүрлері мен, мәдениетін құрметтеу;
- Кәсіби қызметке қажетті дағдылар мен іскерлікті және терең білімді қалыптастыру;
- Болашақ мамандарда адам өз қызметі мен жеке дамуының субъектісі деген түсінікті қалыптастыру;
- Болашақ маманның өзін-өзі тәрбиелеуі мен дамытуы, оқытудың заманауи технологияларымен танысу;
- Отандық және әлемдік педагогика ғылымының жетістіктерімен, заманауи әдістердің ережелерімен танысу.

## Мамандыққа мамандарына қойылатын талаптар

**5B012000 – кәсіптік оқыту** мамандығы бойынша жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгерген студенттерге «бакалавр білімі» біліктілігі немесе академиялық дәрежесі беріледі.

Олар, білім саласында болашақ мамандарды еңбек және кәсіби қызмет бейіндігі бойынша теориялық және практикалық дайындай отырып өздерінің кәсіби қызметтерін жүзеге асырады. Сондай-ақ кәсіптік оқыту педогогы, өзінің педогогикалық қызметінде де, халық шаруашылығының әртүрлі салаларына кадрларды дайындау үшін кәсіби оқу орнында да біліктілігін көрсетеді.

Сондықтан, *5B012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша бакалавр біліктілігіне қойылатын негізгі талаптарға мыналар жатады.*

*Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:*

- ойлау мәдениеті және ой-өрісі кең жоғары білімді тұлға қалыптастыруға септігін тигізетін жаратылыстану ғылымдары саласындағы (әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық) пәндер бойынша базалық білімді меңгеру;
- заманауи техникалармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды қолдана білу;
- магистратурада білім алуды жалғастыру үшін және күнделікті кәсіби қызметке қажетті жаңа білімді қолдану дағдыларын меңгеру;

*Әлеуметтік – этикалық біліктілікке қойылатын талаптар.*

- салт-дәстүрлерге, қоғамдық нормаларға, қоғамдық пікірлерге негізделген әлеуметтік - этикалық құндылықтарды білу, өз кәсіби қызметінде оларға қарай бейімделу;
- іскерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық ережелерін білу;
- Қазақстан халықтарының мәдениеті мен дәстүрін білу;
- әлемнің басқа халықтарының мәдениеті мен дәстүрлеріне толерантты болу;
- Қазақстанның заңдылықтарын және құқықтық жүйесінің негіздерін білу;
- қоғамның әлеуметтік даму тенденцияларын білу;
- әртүрлі әлеуметтік жағдайларға сәйкес бағыт - бағдар жасау;
- экономикалық және ұйымдастыру - басқару біліктілігіне қойылатын талаптар:
- негізгі экономикалық білімді меңгеру, менеджмент, маркетинг, қаржы т.б. туралы ғылыми түсініктерді білу;
- экономикадағы мемлекеттік сектордың маңызын, экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен мақсаттарын түсіну және білу;
- ауыспалы және анықталмаған динамизмнің өсу жағдайында географиялық және әлеуметтік шыншылдыққа, әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысымына дайындыққа қойылатын талаптар:

- Заманауи ақпараттық ағымдарға бейімделу, және әлемдік экономикадағы өзгермелі құбылыстар мен процестерге бағыт - бағдар жасай білу;
- Кәсіби қызметпен байланысты әртүрлі жағдайларда шыншыл және іскер болу;
- *Арнайы біліктілікке қойылатын талаптар:*
- Еңбек құралын және өндірістік процесті, конструкционды материалдарды, заманауи өндіріс негіздерін, психология-педогогикалық, әлеуметтік - қоғамдық ғылымдардың ғылыми негізін білу;
- Әлеуметтік маңызы бар мәселелер мен процестерді талдай білу және әртүрлі ғылымдардың заманауи әдістерін кәсіби, педогогикалық, қоғамдық қызметте қолдану;
- Кемшіліктерді айқындап білу, мақсат қою, нәтижеге жетуге ұмтылу;
- Заманауи жұмысшыны дайындау үшін техникалық-әдістемелік қамтамасыз ету және педогогикалық технологияны жобалау әдістемелерін меңгеру;
- Тиісті өнеркәсіптегі ұйымдастыру – экономикалық жобалауды және технологиялық әдістерді меңгеру;
- математикалық жоспарлау әдістерін қолдана отырып мәліметтерді өңдеу, кемімелдік және корреляциялық талдау, талдау жасау және зерттеу әдістерін кеңейту, ғылыми нәтижелерді жариялау, патенттерді рәсімдеу;
- үнемі өзін-өзі дамыту үшін мүмкіншіліктерді іздеу, нақты функцияларды орындауға дайындық дәрежесін көтеру;

### **Оқытудың нәтижелері**

5B012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша оқытудың нәтижесінде, бакалаврлар жалпы білім беретін пәндер бойынша жалпы теориялық білім алады, әдебиеттермен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады, жаратылыстану пәндері : педогогика, психология, физика, химия т.б пәндер бойынша және әртүрлі психологиялық- педогогикалық тақырыптарға есеп жазу, аспаптармен және реактивтермен танысады және олармен жұмыс істеу дағдысы қалптасады, білім алушы психологиясын және оқыту әдістемесін зерттей отырып негізгі психологиялық- педогогикалық және технологиялық пәндерден білім алады, сондай-ақ машина құрылысы, металлургиялық, химиялық және мұнайды қайта өңдеу өндірістерінің аппараттарымен және әртүрлі процестерімен танысады, меңгерген мамандығына сәйкес ұйымдар мен әртүрлі өндірістерде жұмыс істеу кезінде қолданатын бейіндік пәндер бойынша дағдылар мен іскерлік қалыптасады, дипломдық жұмыстар пен жобаларды жазу үшін қажетті арнайы пәндер бойынша білім алады.